

《 普通高等学校哈萨克语教材 》



ҚАЗАҚ ТІЛІ · ОҚУ



哈萨克语基础阅读 1

张辉 高鑫 ○ 编著



 世界图书出版公司

《 普通高等学校哈萨克语教材 》

ҚАЗАҚ ТІЛІ · ОҚУ



哈萨克语基础阅读 ①

张辉 高鑫 ◎ 编著



世界图书出版公司

广州 · 上海 · 西安 · 北京

图书在版编目 (CIP) 数据

哈萨克语基础阅读. 1 / 张辉, 高鑫编著. — 广州:
世界图书出版广东有限公司, 2020.5
ISBN 978-7-5192-7411-5

I. ①哈… II. ①张… ②高… III. ①哈萨克语—阅
读教学—教材 IV. ①H514.94

中国版本图书馆 CIP 数据核字 (2020) 第 059042 号

书 名 哈萨克语基础阅读 (1)

HASAKYU JICHU YUEDU (1)

编 著 者 张 辉、高 鑫

策划编辑 刘正武

责任编辑 张东文

出版发行 世界图书出版广东有限公司

地 址 广州市海珠区新港西路大江冲 25 号

邮 编 510300

发行电话 020-84451969 84459539

网 址 <http://www.gdst.com.cn/>

邮 箱 wpc_gdst@163.com

经 销 新华书店

印 刷 广州市迪桦彩印有限公司

开 本 787 mm × 1092 mm 1/16

印 张 14.25

字 数 258 千字

版 次 2020 年 5 月第 1 版 2020 年 5 月第 1 次印刷

国际书号 ISBN 978-7-5192-7411-5

定 价 45.00 元

版权所有 侵权必究

咨询、投稿: 020-84460251 gslzw@126.com

(如有印装错误, 请与出版社联系)

前言

本教材是原中国人民解放军外国语学院（现为信息工程大学洛阳校区）哈萨克语专业自 2004 年成立以来，在使用多年的阅读教材基础上，结合人才培养新需求，根据时代发展新需要，组织编写的一套哈萨克语阅读课程配套教材。通过对本教材的学习，学生可以扩大词汇量，逐步提高哈萨克语阅读能力，掌握哈萨克语阅读技巧，培养准确理解和分析归纳的能力，扩大知识面，增强语感，打好哈萨克语基础。

本教材课文均选用哈萨克语书籍、报纸杂志及网站的原文资料。选材力求题材多样，内容丰富，涵盖面广。在编写过程中，编者根据教学需要对所选篇章的部分语句、段落进行了必要的删改，但不影响原文的固有风貌。《哈萨克语基础阅读》分为两册，每册 16 课。本册教材中，每课由 3 篇主副课文、单词和课后练习等部分组成，内容相辅相成。单词采用汉语释义，释义主要针对该词在本课中的使用标注，对部分能够通过工具书查到的词语编者未加注释，以培养学生通过查阅工具书解决问题和根据语境判断语义的能力。课后练习分为问答题、翻译题和选择题等。书后附有词汇表，方便学习者查阅。

《哈萨克语基础阅读（1）》作为哈萨克语专业本科教材，适合在二年级第一学期使用。教师在实际的教学过程中可以根据本校的具体情况加以适当的调整。本教材也可供哈萨克语高职高专学生及中等程度的哈萨克语自学者使用。

本教材在编写的过程中，得到了信息工程大学洛阳校区俄罗斯系教材建设委员会和中国出版集团世界图书出版广东公司的大力支持，在此一并表示衷心的感谢！

由于编者水平有限，教材中难免会有一些不足和疏漏，希望各位专家、学界同仁不吝批评指正。

编 者

2020 年 3 月



目 录

1-сабақ 第一课	1
Студенттің бір күнінің уақыты	2
Кітапханада	5
Асханада	9
2-сабақ 第二课	13
Жазғы демалыс	14
Қысқы демалыс	18
Алтай туризмінің үлгісі	22
3-сабақ 第三课	25
Досым туралы	26
Ата және бала	29
Бір жарым дос	32
4-сабақ 第四课	35
Танысу	36
Қонақ күту	40
Қызбен дұрыс танысуға арналған кеңестер	44
5-сабақ 第五课	49
Өзім туралы	50
Өзің жайлы қысқаша мәлімет	54
Өзіңе сен!	58
6-сабақ 第六课	63
Алматы қаласы	64





Елордасы — Нұр-Сұлтан	67
Баянауыл	71
7-сабақ 第七课	75
Мұражайда	76
Қазақ драма театры	80
Медеу мұзайдыны	84
8-сабақ 第八课	89
Саябақта	90
Кинотеатр	94
Алматы орталық стадионы	98
9-сабақ 第九课	103
Алтын балта	104
Қу түлкі	107
Бес сом	110
10-сабақ 第十课	113
Әмбебап дүкенде	114
Саудаласу	118
Интернет-дүкендерден сауда жасау	121
11-сабақ 第十一课	125
Әбу Насыр әл-Фараби	126
Абай Құнанбайұлы	130
Ахмет Байтұрсынұлы	134
12-сабақ 第十二课	139
Наурыз тойы	140
Ұлы күн	144
Мемлекет мерекесі және ту шығару рәсімі	147
13-сабақ 第十三课	151

Егемен Қазақстан — менің елім	152
Ел рәміздері	156
Ата Заң — алтын тұғырымыз	160
14-сабақ 第十四课	163
Жалғыз ұшпайтын құс	164
Екі әтеш	167
Қорқақ қоян	170
15-сабақ 第十五课	173
Дұрыс тамақтану — денсаулық кепілі	174
Спорт — денсаулық кепілі	178
Денсаулық және азықтық	182
16-сабақ 第十六课	187
Емханада	188
Дене мүшелері	192
Тұмаудан сақтаныңыз	196
Сөздер 词汇表	201

An aerial photograph of a city skyline, featuring several tall skyscrapers and a large stadium in the foreground. A large, stylized cloud shape is superimposed over the center of the image, containing the text '1-сабақ 第一课'.

1-сабақ 第一课



Мәтін-1 课文一

Студенттің бір күнінің уақыты

Жарас пен Сәуле бір факультетте оқиды. Сәуле өте жақсы оқитын студент. Жоғары стипендия алады, ғылыми конференцияларға қатысып, баяндамалар жасайды. Күнде кітапханаға барады, тіпті волейболмен де айналысады, музыка туралы да көп біледі. Оны бәрі сыйлайды.

Ал Жарастың уақыты үнемі жетпей жүреді. Бір күні Жарас Сәуледен:



Сен осының бәріне қалай үлгересің? — деп сұрады. Сәуле: Уақыт — алтыннан да қымбат. Сондықтан мен әрбір сағатымды жоспарлаймын. Тек еріншек адамның ғана бос уақыты көп болуы мүмкін, — деп жауап берді.

Иә, ұлы қолбасшы Суворов “Минут ұрыс тағдырын шешеді. Сағат шайқас тағдырын шешеді. Күн бүкіл мемлекет тағдырын шешеді” —деп айтқандай, әрбір сәтімізді үнемдеп пайдалансақ, оның біздің адамдығымызға, мамандығымызға, болашағымызға берер пайдасы көп емес пе?!



Сөздік 单词

адамдық

人道主义, 仁爱

баяндама

报告, 汇报

болашақ

将来, 以后

ғылыми

科学的

еріншек

懒汉

жауап	答案
жету	够了, 达到
жоғары	高, 高级的
жоспарлау	计划
қолбасшы	统帅, 总司令
қымбат	贵的, 高贵的
мамандық	专业
пайдалану	利用, 使用
сәт	时刻, 成功
стипендия	奖学金, 助学金
сыйлау	赠送, 尊敬
тағдыр	命运
туралы	关于
үлгеру	来得及, 达到
үнемдеу	节约, 爱惜
үнемі	经常地
ұрыс	战斗, 打架
шайқас	战役, 纠纷
шешу	决定, 解决



Жаттығу 练习

1-тапсырма ► Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Уақыт дегенді қалай түсінесіз?
2. Бос уақыт деген не?
3. Уақыт туралы қандай мақал білесіз?
4. Уақытты жоспарлау деген не?
5. Уақытты қалай тиімді пайдалануға болады?

2-тапсырма ► Төмендегі сөйлемдерді аударыңыз.

1. Жоғары стипендия алады, ғылыми конференцияларға қатысып,



баяндамалар жасайды.

2. Күнде кітапханаға барады, тіпті үлкен тенниспен де айналысады, музыка туралы да көп біледі.

3. Ал Жарастың уақыты үнемі жетпей жүреді.

4. Уақыт — алтыннан да қымбат. Сондықтан мен әрбір сағатымды жоспарлаймын.

5. Тек еріншек адамның ғана бос уақыты көп болуы мүмкін.

3-тапсырма Бір дұрыс жауапты таңдаңыз.

1. Жарас пен _____ бір факультетте оқиды.

А. Айман

Б. Аспан

В. Сәуле

Г. Гүлнар

2. Сәуле өте _____ студент.

А. жақсы оқитын

Б. ақылсыз

В. танымал

Г. нашар оқитын

3. Сәуле тіпті _____ де айналысады.

А. футболмен

Б. тенниспен

В. волейболмен

Г. велосипедпен

4. Жарастың _____ үнемі жетпей жүреді.

А. уақыты

Б. ақшасы

В. қабілеті

Г. ресурсы

5. Сәуле әрбір _____ жоспарлайды.

А. айды

Б. күнді

В. жылды


Г. сағатты



Мәтін-2 课文二

Кітапханада

Біздің университетте үлкен, жарық кітапхана бар. Кітапхана ішінде оқырмандар үшін арнайы оқу залы бар. Мен университетке түскеннен кейін кітапханаға жазылдым. Жеке куәлігім бойынша оқырман билетін жазып



берді. Бұл жерден өзіме қажетті деген оқулықтарды, кітаптарды, әр түрлі сөздіктерді, әдеби кітаптарды каталогтар жүйесі бойынша тауып алуға болады. Сабаққа дайындалуға мүмкіндік көп, өйткені барлық оқулықтарды осы жерден табасың. Бос уақытымда әдеби кітаптарды көп оқимын. Әсіресе қазақ

жазушыларынан М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің, С.Мұқановтың, М.Жұмабаевтың шығармаларын үйге жаздырып аламын. Мен кітапханашыдан кеңес алып, мерзімді баспасөздерді қарап шығамын. Үйге алған кітабымды уақытында қайтарамын. Кітапхана өз дәрежесінде қызмет жасайды. Қашанда іздеген кітабыңды тауып береді. Библиографиялық көрсеткіштер тиянақты жасалған.

Мен осы кітапханада жұмыс жасағанды ұнатамын. Кітапхана іші өте таза, ыңғайлы және тыныш. Менің курстастарым да басқа кітапханадан гөрі осында жиі келеді.

Алматы қаласында бірнеше кітапханалар бар. Мысалы, Қазақстан Ұлттық кітапханасы, Орталық ғылыми кітапхана, Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана, С.Бегалин атындағы балалар кітапханасы, А.П.Чехов атындағы қалалық кітапхана тағы басқалар. Бұл кітапханалардың залдары



кең, биік. Кітапханалар кітапқа бай, онда керек кітаптың бәрі бар.

Адам баласының ақыл дариясына құйылатын алтын көлі — кітап. Сол кітаптар қоймасы, білім ордасы, алтын сарай — кітапхана. Кітап қоры — еліміздің баға жетпес ұлттық байлығы.



Сөздік 单词

әдеби	文学的, 文艺的
байлық	财富
библиография	图书编目
бойынша	按照, 根据
бос	空闲的
білім	知识
бірнеше	几, 几个
дайындалу	准备
дәреже	程度
жазылу	登记, 签名
жеке	个人的, 单独的
жиі	经常
жүйе	系统
каталог	目录
кейін	在……之后
көл	湖
көрсеткіш	标志
курстас	同学
кітапханашы	图书馆馆员
кайтару	归还, 返还
қойма	仓库, 储藏
қор	储量
қызмет	工作
мүмкіндік	可能性

оқырман	读者
өйткені	因为
тиянақты	不变的, 长期的
тыныш	安静的
үшін	为了
шығарма	作品
ыңғайлы	舒适的
іздеу	寻找
іш	内



Сөз тіркесі 词组


баға жетпес	无价的
білім ордасы	知识殿堂
жеке куәлік	身份证件
кеңес алу	咨询
кітап қоры	藏书量
кітаптар қоймасы	书库
мерзімді баспасөз	期刊
ұлттық байлық	民族财富



Жаттығу 练习

1-тапсырма Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Автор кітапханаға қашан жазылдыңыз?
2. Кітапханадан оқулықтарды қалай табуға болады?
3. Сабаққа дайындалуға мүмкіндік бар ма?
4. Қандай жазушылардың шығармаларын алып оқиды?
5. Кітапханашылардың қызмет көрсетулері қалай?
6. Кітапхананың іші қандай?
7. Пекин қаласында қандай кітапханалар бар?



1. Жеке куәлігім бойынша оқырман билетін жазып берді.

3. Мен кітапханаға келгенде кітапханашыдан кеңес алып, мерзімді баспасөздерді қарап шығамын.

4. Библиографиялық көрсеткіштер тиянақты жасалған.

5. Менің курстастарым да басқа кітапханадан гөрі осында жиі келеді.

1. Кітапхана ішінде _____ үшін арнайы оқу залы бар.

А. оқырмандар

Б. мұғалімдер

В. жұмыстар

Г. қонақтар

2. _____ бойынша оқырман билетін жазып берді.

А. Паспорт

Б. Виза

В. Жеке куәлігі

Г. Оқушы куәлігі

3. Бос уақытта автор _____ кітаптарды көп оқиды.

А. әдеби

Б. математикалык

В. ҒЫЛЫМИ

Г. МУЗЫКАЛЫК

4. Автор осы кітапханада _____ ұнатады.

А. фильм көргенді

Б. достармен сөйлескенді

В. жұмыс жасағанды

Г. ойын ойнағанды

5. Адамның ақыл дариясына құйылатын алтын көлі _____ болды.

A. кітап

Б. махаббат

B. ac

Г. бедел



Мәтін-3 课文三

Асханада

Біздің асханамыз бірінші қабатта орналасқан. Асхана іші кең әрі таза. Мұнда аспазшылар, сатушылар мұғалімдерге, қызметкерлерге, жұмысшыларға қызмет етеді. Аспазшылар түрлі тағамдарды дәмді етіп дайындайды. Асхана таңғы сағат оннан кешкі сағат беске дейін жұмыс істейді.

Асхананың ішінде “Астарыңыз дәмді болсын!” деген жазу бар. Біздің асханамыз үлкен-үлкен екі бөлмеден тұрады. Біріншісі — мұғалімдер бөлмесі. Мұнда тек мұғалімдер, қызметкерлер тамақтанады. Келесі бөлме — студенттер бөлмесі. Әрбір бөлмеде бірнеше үстел мен орындықтар қойылған. Әр үстелдің үстінде дастарқан төселген.



Дастарқанның ортасында ыдысқа салынған қол сүрткіштер қойылған. Оның жанында арнайы ыдыстарға салынған қара бұрыш, қызыл бұрыш және тұз бар. Оларды тамақтанушылар өз қажетіне қарай пайдаланады. Асханада қуырылған картоп, тұшпара, мәңті, сорпа тағы басқа тағамдармен бірге түрлі салаттар, сусындар, кофе, шай сатылады. Әр күнге дайындалған тағамдар дастарқан мәзірінде көрсетіледі.

Мұнда даяшы болмайды. Біз өз-өзімізге қызмет жасаймыз. Әдетте асханаға үлкен үзілісте келеміз. Біріншіге көбінесе сорпа, кеспе, тұшпара, ал екіншіге қуырылған картоп, палау, қуырдақ сияқты тамақтар аламыз.

Асхана тағамдары қашанда дәмді. Аспазшылар қызметі бізге өте ұнайды.



Сөздік 单词

аспазшы	厨师
асхана	食堂
бұрыш	辣椒, 角落
дейін	到……前
дастарқан	桌布
даяшы	服务员
картоп	土豆
келесі	下一个
кеспе	面条
көбінесе	通常
көрсету	展示
қойылу	安放, 安置
қуырдақ	哈式烤菜, 烤肉
мәзір	菜单
палау	抓饭
салыну	(被) 立放
сатушы	售货员
сорпа	汤
төселу	铺上, 铺设
тұшпара	饺子
үзіліс	课间
ыдыс	餐具, 碟, 碗



Сөз тіркесі 词组

Асыңыз дәмді болсын!	祝好胃口! (用餐愉快!)
қол сүрткіш	餐巾
өз-өзімізге қызмет ету	自助, 无人售货